

Кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 387 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 398 бұйрығын қараңыз .

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 135-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 7 с ә у і р д е г і
№ 3 8 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесі

Кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін қажетті және 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту негіздемелері, шарттары және тәртібі туралы келісімде

айқындалған негіздердің болуын растайтын құжаттардың тізбесі:

1) төлеушіге дүлей зілзала, технологиялық апат немесе еңсерілмейтін күштің өзге мән-жайлары нәтижесінде залал келтірілген кезде - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі аумақтық бөлімшесінің болған дүлей зілзала, технологиялық апат немесе еңсерілмейтін күштің өзге мән-жайлары туралы ж а з б а ш а р а с т а у ы ;

2) төлеушіге кедендік бажды республикалық бюджеттен қаржыландыру немесе тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле шеңберінде орындалған жұмыс көлемі (көрсетілген қызметтер, жеткізілген тауарлар) үшін төлем кідірілген кезде - республикалық бюджеттен қаржыландыру немесе орындалған жұмыс көлемі (көрсетілген қызметтер, жеткізілген тауарлар) үшін төлемді кідірту туралы республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің жазбаша р а с т а у ы ;

3) Кеден одағының кедендік аумағына тез бүлінетін тауарларды әкелген кезде - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тез бүлінетін т а у а р л а р д ы ң т і з б е с і ;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде тауарларды жеткізуді жүзеге асыру кезінде - Қазақстан Республикасының тиісті күшіне енген халықаралық шарттарының көшірмелері;

5) Кеден одағының кедендік аумағына Кеден одағының комиссиясы бекіткен, кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу ұсынылуы мүмкін, әкелінетін шетелдік әуе кемелерінің және оларға құрауыштардың жекелеген түрлерінің тізбесіне енгізілген тауарлар әкелінген кезде - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің әкелінетін шетелдік әуе кемелерін және оларға құрауыштарды авиарейстерге қызмет көрсеткен кезде ғана Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары пайдаланылғандығы т у р а л ы ж а з б а ш а р а с т а у ы ;

6) Кеден одағының кедендік аумағына ауыл шаруашылығы қызметін не көрсетілген ұйымдар үшін отырғызатын немесе себетін материалдарды, өсімдіктерді қорғау заттарын, Кеден одағы сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8424 81, 8433 51, 8433 59 субпозициясының ауыл шаруашылығы техникасын жеткізуді жүзеге асыратын ұйымдар мысықтарды, иттер мен сәндік құстарды қоспағанда, жануарларды азықтандыру үшін тауарларды әкелген кезде - мұндай тауарларды әкелетін немесе ол үшін мұндай тауарларды жеткізетін ұйымның ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге а с ы р у ы н р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ы ;

7) тауарларды, оның ішінде шикізатты, материалдарды, технологиялық жабдықты, оларды өнеркәсіптік қайта өңдеуде пайдалану үшін құрауыштар мен оның қосалқы бөлшектерін әкелген кезде:

әкелінетін шикізаттың, материалдардың, технологиялық жабдықтың, оларды өнеркәсіптік қайта өңдеуде пайдалану үшін құрауыштар мен оның қосалқы бөлшектерін жеткізу туралы сыртқы сауда шарты (келісімшарт, келісім);

әкелінетін тауарларды шикізат, материалдар, технологиялық жабдық, құрауыштар және оның қосалқы бөлшектері ретінде пайдалана отырып өндірудің технологиялық схемасы (өндірістің фрагменті);

егер шикізат, материалдар, технологиялық жабдық, құрауыштар мен олардың қосалқы бөлшектері Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес қызметтің лицензияланатын түріне жататын өндірістік қайта өңдеу үшін әкелінетін болса, әкелінетін тауарларды қайта өңдеу құқығына лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі.